

Айдарова А.З., Сулейменова Г.Ж., Исмаилова М.М.

Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: akmaral.aydarova@mail.ru

АГРОТУРИЗМ – АУЫЛ ГҮЛДЕНУІНІҢ БАСТЫ КЕПІЛІ

Мақалада Қазақстан Республикасында агротуризм саласының даму жағдайы қарастырылған. Республикамыздың ауылдық аймақтарының жағдайын көтерудің әрі тиімді шағын туристік орталық ретінде маңызын арттырудың негізгі жолы – агротуризмді дамыту ісіндегі шетелдік тәжірибені игеру ой елегіне салынды. Агротуризм – бұл ауылдық жерде ұйымдастырылған қызмет түрі, ол жерде келуші қонақтарға өмір сүру, демалу, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету, бос уақыттары мен спорттық шараларды ұйымдастыру, туризмнің белсенді түрімен айналысу, балық аулау, аңға шығу, білімі мен қарым-қабілетін жетілдіру бойынша кешенді қызметтер көрсетіледі. Агротуризм, қауымдастықтың пікірінше, кешенді туристік өнім жасау үшін ауыл шаруашылық, табиғи, мәдени-тарихи және ауылдық жердің басқа да ресурстары мен оның ерекшеліктерін қолданады. Қазіргі таңда агротуризм Еуропада кеңінен таралған. Жыл сайын Италия, Франция, Испания мемлекеттері бірнеше миллион агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Белоруссия мемлекеттің қаржылық кіріс көзінің бірі ретінде туризмнің бұл түрін мейілінше қолдайды және дамыту үстінде. Бүгінгі күні біздің еліміз Түркия, Араб Әмірлігі, Грекия, Еуропа және т.б. елдерімен туризм арқылы тығыз байланыс орнатқан. Бұл еліміздегі сыртқы туризмнің белсенді дамуын көрсетіп отыр. Мақалада шетелдік тәжірибелерінің мысалында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Түйін сөздер: агротуризм, туристік сала, шағын қалалар, ауылдық туризм, шетел тәжірибесі, еуропалық мемлекеттер.

Aidarova A.Z., Suleimenova G.J., Ismailova M.M.

K. Zhubanov Aktobe Regional State university,
Kazakhstan, Aktobe, e-mail: akmaral.aydarova@mail.ru

Agritourism is the key to the prosperity of the village

In article, the condition of development of the sphere of agritourism in Kazakhstan as main way of improvement of a condition of rural regions of the republic and increase in their value as mini tourism centers with use of foreign experience of development is considered. Agritourism is a services sector in rural areas. Here for visiting guests there are organized rest, food, excursion services, the organization of sport events in free time, hobby for an active type of tourism, fishing, hunting, complex services in improvement of knowledge and skills. According to the public, for preparation of a complex tourist product in agro tourism features of resources of agriculture, natural, historical, cultural and other resources of rural areas are used. In present time, agro tourism is widely developed in Europe. Annually Italy, France, Spain accept several million agro tourists. Russia and Belarus support this type of tourism as one of sources of financial income and are at a development stage. In article are studied, works on carrying out research works on foreign experiences in the district of Martuk of the Aktyubinsk region.

Key words: Agritourism, tourist sphere, monocities, rural tourism, foreign practice, European states.

Айдарова А.З., Сулейменова Г.Ж., Исмаилова М.М.
Государственный университет искусства имени К. Жубанова, Казахстан, г. Актөбе,
e-mail: akmaral.aydarova@mail.ru

Агротуризм – главный гарант процветания села

В статье рассматривается состояние развития сферы агротуризма в Казахстане как главного пути улучшения состояния сельских регионов республики и повышения их значения как минитурристских центров с использованием зарубежного опыта освоения. Агротуризм – это сфера услуг в сельской местности. Здесь для приезжих гостей организовывается отдых, питание, услуги экскурсии, организация спортивных мероприятий в свободное время, увлечение активным видом туризма, рыболовство, охота, комплексные услуги по совершенствованию знаний и навыков. По мнению общественности, для подготовки комплексного туристского продукта в агротуризме используются особенности ресурсов сельского хозяйства, природных и историко-культурных, а также других ресурсов сельской местности. В настоящее время агротуризм широко развит в Европе. Ежегодно Италия, Франция, Испания принимают несколько миллионов агротуристов. Россия и Белоруссия поддерживают этот вид туризма как один из источников финансового дохода и находятся на стадии развития. Ныне наше государство установило тесные связи с Европой, Турцией, Арабскими Эмиратами, Грецией и др. государствами. Это показывает активное развитие внешнего туризма в нашем государстве. В статье изучены работы по проведению исследовательских работ по зарубежным опытам в Мартукском районе Актюбинской области.

Ключевые слова: агротуризм, туристская сфера, моногорода, сельский туризм, иностранная практика, европейские государства.

Кіріспе

Агротуризм – туристік саланың бір тармағы, ол табиғи, мәдени-тарихи және ауылдық жердегі басқа ресурстар мен оның ерекшеліктерін кешенді туристік өнім жасауға пайдалануға бағытталған. ХЭД Қауымдастығының пікірінше, оның басты талабы туристер орналастыру құралының (жеке, мамандандырылған) ауылдық жерде (немесе өнеркәсіптік, көпқабатты құрылыстары жоқ шағын қалаларда) орналасуы.

Шағын қалалар ауылдық жердің жүйелі құрамдас бөлігі болып табылады, олардың туристік ресурстары ауылдық жердің ресурстарымен бірге ортақ (бірыңғай) сол аймақтың туристік ресурсын қалыптастырады. Сондықтан агротуризмді кешенді дамытудың қағидасын әзірлеу барысында Қауымдастық қызметкерлері бұл жағдайды нақты түрөнімдер қағидасын, нақты алынған аумақтағы туризмді дамытудың кешенді тұжырымдамасы мен жекелеген дестинацияның жиынтық түрөнімдері тұжырымдамасын әзірлеу барысында ескерген жөн деп санайды.

Қолданылған мәліметтер мен зерттеу әдістері

Агротуризм қауымдастығы да (Agro tourism association) өзінің анықтамасын береді. Агротуризм – бұл ауылдық жерде ұйымдастырылған қызмет түрі, ол жерде келуші қонақтарға өмір сүру, демалу, тамақтану, экскурсиялық

қызмет көрсету, бос уақыттары мен спорттық шараларды ұйымдастыру, туризмнің белсенді түрімен айналысу, балық аулау, аңға шығу, білімі мен қарым-қаблетін жетілдіру бойынша кешенді қызметтер көрсетіледі (Зеленая альтернатива – сельский туризм переживает пик популярности 2012). Агротуризм, қауымдастықтың пікірінше, кешенді туристік өнім жасау үшін ауыл шаруашылық, табиғи, мәдени-тарихи және ауылдық жердің басқа да ресурстары мен оның ерекшеліктерін қолданады. Қауымдастық қызметкерлері селолық және ауылдық туризм ұғымдарын бір-біріне синонимдер деп санайды, және бұл қызметке түрліше анықтама беретін шетелдік үлгілердің анық-қанығына мән беріп те жатпайды.

Осы екі анықтаманы талдай келе, келесідей қорытынды жасауға болады. Бұл жерде агротуризмге емес, «ауылдық жердегі туризмге» сипаттама берген дұрыс. Агротуризмнің соңғысынан айырмашылығы ауыл шаруашылығы өндірісінің болуы. Біздің пікірімізше, агротуризм – демалыспен үзіліс элементтерін қоса азаматтардың жеке кірістерімен негізгі өндіріс көлемін арттыру үшін жұмылдырылған контингентпен ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығының тиісті саласы.

Сонымен қатар «ауылдық» және «аграрлық» туризм түсініктерін шартты түрде бөліп қарауға болады. Ауылдық туризм, біздің ойымызша, агротуристік бизнестің шағын формаларына

(ЖҚШ, Ш(ф)Қ (шаруа (ферма) қожалықтары), АТҰК (ауыл шаруашылық тұтынушы кооперативтер)) шоғырланған. Жеке қолдану үшін шығарылатын ауыл шаруашылық өнімдерінің шағын көлемі барысында оның бір бөлігі туристерді тамақтандыруға арналған. Бұл ретте өсімдік шаруашылығы саласының жоғары тауарлы тармақтары да назардан тыс қалмайды.

Аграрлық туризм – бұл агротуристік кешеннің құрамдас бөлігі. Соңғысын агроөнеркәсіп пен туристік кешеннің біртұтастығы ретінде қарауға болады. АӨК бұл ретте жаңа құрамның азық-түлік бөлігі ретінде тартылады, яғни өнім өндірудің I саласынан бастап азық түлік өнімдерін сатуға дейінгі. Бұл жерде сату процесі азық-түлік өнімдерін туристік кешеннің тұтынуын білдіреді.

Ауылдық (аграрлық) туристік кешен (А(А)ТК) – барынша көп кіріс табу мен әлеуметтік міндеттерді шешу мақсатында туризм мен ауыл шаруашылығының өндірістік және әлеуметтік салаларының біріккен жүйесі.

Агротуристік сала соларды байланыстыратын буын. А(А)ТК-ге мыналар кіреді:

I сала – өндіріс өнімін өндіру – туристерге арналған баспана, спорт инвентары, құрал-жабдық, көлік. Өндірістің негізгі құралының басты бабына жер, рекреациялық ресурстар жатады.

II сала – туристік өнім өндірісі, маршруттарды құру, олардың келу бағдарламасын әзірлеу, өңірлік туризмді дамыту;

III сала – туристік маршруттарды меңгеру, сынақ түріндегі турларды өткізу, инсентив бағдарламалар;

IV сала – кешеннің инфрақұрылымы: агротуристік нарықта турлар өткізу, жарнама кампаниясын жүргізу, көрмелер мен фестивальдерге қатысу.

А(А)ТК құрамына ауылдың әлеуметтік саласы кіреді: үй, мәдениет, білім, спорт және т.б. осы әлеуметтік сала кешеннің келесі тармақтарының негізі болып табылады:

- балық өсіру шаруашылығы;
- аңшылық;
- ат-спорттық;
- су-спорттық;
- дайындау-қайта өңдеу.

Бұл жерде әңгіме өнеркәсіптік негізде жабайы құстар өсіріп, аң аулау турларын өткізу, балық өсіру және балық аудауды ұнататындарға балық аулау қызметін көрсету, ат өсіру және ат спортын, көңіл көтеру турларын ұйымдастыру, саңырауқұлақтар мен жемістер дайындау, оларды қайта өңдеу турасында.

Зерттеу барысы

Ауылдық туризмнің үлгісін қалыптастырудың тұжырымдамасын екіге бөліп қарауға болады. Біріншісі, шағын ауыл шаруашылық кәсіпорындары – жеке қосалқы қожалықтар, шаруа (фермерлік) қожалықтар, ауыл шаруашылық тұтынушылық кооперативтер – тәуекел ете отырып, туристік бағыттағы кәсіпкерлік қызметпен айналысады. Бұл жағдайда аграрлық туризм сол кәсіпорындардың өзіндік ресурстары есебінен дамиды, оған қажетті инвестиция тартылмайды (Герасименко 2011). Алайда қаржыландырудың мұндай жағдайында ауылдық жерге туристердің көп келетініне үміттену бекер. Тек егер кәсіпорындар мен кәсіпкерлер туроператорлардың (турлар ұйымдастыратын мекемелер) және турагенттердің (жолдама сататын мекемелер) көмегіне жүгінсе, нәтиже біраз жақсарады. Алайда әлеуетті демалушылар үшін жайлы жағдай жасалмайынша, ауылдық туризм қызметіне сұраныс сол күйінше төмен деңгейде қалады. Оған тек балық аулаушылар, аңшылар, маман-этнографтар және т.б. барулары мүмкін. Отбасылық туристер бұл саланы бұрынғысынша мойындамайды да, себебі оларға қызмет көрсетудің мүлдем басқа сапасы керек.

Екіншісі ауылдық жерде туризмді кешенді дамытуды білдіреді. Ауылдық туризм қосалқы өндіріс емес, ол туристер үшін қызықты болып табылатын ауыл өмірінің барлық аспектілерін қолдануға бағытталған рекреациялық қызметтің барынша көбін қамтамасыз ететін негізгі бизнес түрінде қаралады. Сондай аспектілердің қатарына қолайлы экологиялық және эстетикалық жағдайдың болуы, ауылдың тұрмыс-тіршілігіне араласу мүмкіндігі (атпен жүру, жеміс-жидек жинау, балық аулау және т.б.), жергілікті жердегі қымбат емес өнімдерді сатып ала алу, этнографиялық ерекшеліктерімен танысу және т.б. бұл жерде орналастыру құралы – туристік ауылдар, үй-жайлық кешендер, агротуристік орталықтар.

Жалпы айтқанда, бұл екі тұжырым бір-біріне қарама қарсы келмейді, тек оларды бір процестің кезеңдері деп қарау керек. Не болғанда да Батыс Еуропа елдерінде аграрлық туризм осылайша дамыған. Бірінші кезеңі – еуропалық аграрлық туризмнің қалыптасуы 20 жылға созылып, 1990 жылы аяқталды. Локальды агротуризмді еуропалық мемлекеттердің қолдау саясатымен негізделген бастапқы мотивтері негізінен әлеуметтік сипатта болды. Еуропада ауыл туризмін қолдау саясаты әлі күнге дейін экономикалық

тұрғыдан артта қалған аудандарға бағытталуы бекерден бекер емес. Осындай саясатты ұстануға негіз болған жергілікті аграрлық өнімнің нарықтық бәсекелестік қабылетін жоғалтуы және тиімділігін арттыру мақсатында ауыл шаруашылығын қайта құрылымдау. Бұл әдетте негізгі өн-


діріске жұмысқа тартылғандар санын қысқартуға алып келді және ауылдық жердегі жұмыс орнының тапшылығын тудырды. Соған байланысты агротуризм кейіндеп қалған өңірлердің кірістерін көбейтуге қабілетті экономикалық қызметтің баламалы түрі ретінде қарала бастады.

Кесте – Қазақстан Республикасындағы аграрлық туризмді дамытудың үлгісі мен кезеңдері (автор құрастырған)

Көрсеткіштері	Даму кезеңі		
	I	II	III
Орналасуы	Фермермен бірге үйде	Бөлек үйде	Агротуркешенінде
Тамақтануы	Қарастырылмаған, жартылай пансион	Жартылай пансион, пансион	Тек пансион
Бос уақыты	Ат туры, балық аулау, аңшылық	Экскурсиялық, экологиялық, этникалық турлар	Емдік-сауықтыру, ғылыми турлар
Аграрлық туризмді дамыту үлгісі	ЖҚШ, Ш(Ф)К, АТҰК	Туристік ауылдар, үй-жай кешендері, агротурорталықтар	Өңірлік А(А)ТК

Жекелей шешу мүмкін емес мәселенің бірі – туристік қызмет көрсету сапасы. Оны жақсарту үшін

ең алдымен, аграрлық туризм саласының қызметкерлерінің кәсіби дайындығын арттыру керек.



Сурет – Шетелдік туристердің Қазақстандағы туризм түрлерін таңдауы

Ғылыми зерттеулерде туризм қаржылай кірістерді арттыру көзі ретінде қаралуда. Бүгінгі күні біздің еліміз Түркия, Араб Әмірлігі, Грекия, Еуропа және т.б.елдерімен туризм арқылы тығыз байланыс орнатқан. Бұл еліміздегі сыртқы туризмнің белсенді дамуын көрсетіп отыр. Сыртқы туризммен салыстырғанда, ішкі туризм, экотуризм дамуындағы кешеуілдеулер агротуризм дамуына да өз әсерін тигізуде. Егер бөліп қарайтын болсақ, әр елді-мекен өзінің тарихы, мәдени мұрасы, экономикалық мазмұны мен табиғаттың көріктігімен ерекшеленеді. Жазғы демалыста ауыл жастары, қонақтар, келушілер

бос уақыттарын таза ауада және көрікті табиғат аясында өткізгісі келеді. Демек, мемлекеттің ауылға, оның жан жақты дамуына көңіл бөлуіне уақыт келгені анық. Елімізде агротуризм нашар дамыған туризмнің саласы ретінде қарастыруға болады. Себебі, ауылда осы саланың дамуына барлық керекті ресурстардың болуына қарамастан, ресурстарды ұтымды пайдалануға бағытталған инфрақұрылым жоқ. Агротуризмнің таралу географиясының өзіне тән ерекшеліктері бар. Мұндай демалыс түрі урбандалудың жоғары деңгейде сипатталатын Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдеріне тән. Елдегі туризмнің

дамуы сұраныстың өсуі мен табиғи объектілерге қызығушылықтың артуына байланысты (Агротуризм – сектор современной туриндустрии 2009).

Қазіргі таңда агротуризм Еуропада кеңінен таралған. Жыл сайын Италия, Франция, Испания мемлекеттері бірнеше млн. агротуристерді қабылдайды. Ресей мен Белоруссия мемлекеттің қаржылық кіріс көзінің бірі ретінде туризмнің бұл түрін мейлінше қолдайды және дамыту үстінде. Қала тұрғындарының басым бөлігі ферма қожалықтарына экскурсияға баруыға өз қаражаттарын жұмсауға дайын. Мәселен, Вашингтон маңындағы фермаларға жылына 8000-ға жуық туристер келеді (негізінен Жаңа Зеландия мен Оңтүстік Африкадан). Бұл категориядағы туристер жерді өңдеуге, малды жайлауға, өнімді жинауға белсенді және қызығушылықпен қатысады, және де мұндай экзотикаға 1000 доллардан аса қаржысын жұмсайды. АҚШ-тың заманауи ранчоларында фермерлік шаруашылық бойынша шеберлік-кластарын өткізуімен бірге, табиғи өнімдерден ақылы түрде ас әзірлеуді үйрету де қызығушылықты арттырады. Сондықтан, агротуризм тек қана кіріс көзі ретінде емес, жұмыс орындарының табылуы деп қарастыруға болады.

Бүгінгі күні Литвада 700, Польшада 18000, Белоруссияда 80 «агроусадьбалар» жұмыс жасайды. Өз кезегінде Польша 18 жыл агротуризмді экономиканың қолайлы саласы ретінде дамытып келеді. Еуропадағы агротуризмнің көшбасшысы Италия болып табылады. Бұл мемлекетте осы саланың 10 мыңнан аса түрі бар. 1999 жылы мемлекет осы салада қызмет көрсетуде 450 млн АҚШ доллар табысқа қол жеткізген. 1985 жылы 5 желтоқсанда бұл мемлекетте ұлттық экономиканың маңызды бағыты ретінде агротуризмнің дамуы туралы федералық заңы қабылданды.

Жыл сайын Италия 2 млн. аса агротуристерді қабылдайды. Бастапқы кезде Италия үкіметі агротуристерді орналастыру мәселесін үлкен инвестициясыз шешетін. Бірақ, туристік өнімге сұраныстың өсуіне байланысты, бұл функциялар агротуризмнің басты және жалпы концепциясына айналады (Агротуризм – сектор современной туриндустрии 2009).

Нәтижелері мен талдау

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстанның бай табиғаты, қайталанбас тарихи – мәдени ескерткіштері елімізде ауыл туризм

индустриясын өркендетуге мол мүмкіндік беретіндігін атап көрсетті. Дағдарыс кезеңінде ең басты мәселелердің бірі – ауыл халқын жұмыспен қамту. Қазіргі күні туристік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының аясында іске қосылып жатқан жаңа жобалар, «Жол картасында» айқындалған тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйесін жаңғырту, мектеп, аурухана ғимараттарын жөндеу, республикалық және жергілікті маңызы бар автожолдарды қалыпқа келтіру, агроөнеркәсіптік кешенді жеделдете дамыту, ауылдық жерлерде белсенді туризмнің түрлерін дамыту секілді негізгі бағыттар қамтылған жоспардың жүзеге асырылуы салауатты өмір салтын негізі болмақ. 2012 жылдың 27 қаңтарында жасаған «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Жолдауында ауылдық жерлерді дамыту ерекше назар аударылды (ҚР Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы 2012).

Белсенді туризм – үнемі қимыл, қозғалыста болу, табиғатпен сырласу, демалу мүмкіндігі мен ағзадағы күш жігерді нығайту. Белсенді туризм табиғи ресурстар мен спортпен тікелей қатысты болып келеді. Елімізде туризмді дамытуда ұлттық кластер құру болжанып, соның ішінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің жобасы ерекше орын алады. Осы мақсаттарда халықаралық көлік дәлізінің бойында Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Ақтөбе облыстарында үш санаттағы жол бойы инфрақұрылым объектілерін салу жоспарланып, жүзеге асуда.

Ауылдық туризм агротуризм мағынасында қарастырылады. Ауыл шаруашылығына жағдай жасаудағы әртүрлі шаралардың (спорттық, сауықтыру, мәдени – ойын – сауық) өтуі, туристік нарықта үйлесімді бәсеке ұйымдастыру жатады. Агротуризмді ауылдық жерлердегі экологиялық туризм ретінде де қарастыруға болады. Әлемнің көптеген мемлекеттері агротуризмді дамытудың өзіндік жолдарын қалыптастырып, бүгінгі күні үлкен пайдаға кенеліп отыр, себебі ауылдық туризм әлемдік туристік индустрияның ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Осы орайда, республикамыздың ауылдық аймақтарының жағдайын көтерудің әрі экономикалық тұрғыдан тиімді шағын туристік орталық ретінде маңызын арттырудың негізгі жолы – агротуризмді дамыту ісіндегі шетелдік тәжірибені игеру және оны өз мемлекетіміз ішінде рационалды түрде қолдану.

«Агротуризм» термині «бос жерде» пайда болған жоқ. Ол шаруашылық экономикасының дәстүрлі құрамдас бөлігі болып келді. Аграрлық туризм көп жағдайда жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуын білдіретін және ЖҚШ (жеке қосалқы шаруашылық) кірісінің қандай да бір бөлігін қалыптастырды. 1972 жылдан бастап агротуризм әлемдік тәжірибеде жекелеген салаға бөлінуде. Аграрлық туризмге оның дамуы бойынша заманауи Қауымдастықтар анықтама беруде. Ал халықаралық экономикалық даму қауымдастығы (ХЭД) келесідей анықтама береді.

Шетелдік туристер қызығатын экотуризм, ауылдық туризм байланысты болып келеді. Қазіргі уақытта, Қазақстанда құрылған және ұйымдастырылған қорықшаларда және ауылдық жерлерде 80 қонақ-үй жұмыс істейді, олар тамақтандыру және сол жерде тұру қызметтерін ұсынады (тәулігіне 30-35 доллар) (Васильев 2009).

Қазақстанда ауыл туризмінің ерекшеліктеріне байланысты, бірқатар артықшылықтары бар:

- туристік қызмет баламалы сектор мен ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру, ауыл шаруашылығы секторының артық еңбек ресурстарын беру;
- әртараптандыру, яғни басқа да салаларда (тамақтандыру, қонақ үй бизнесі, қолөнер және т.б.) дамыту;
- туристер таңдауы ұлттық дәстүрлер мен ауылдық ресурстарға бағдарланған;
- қаланың ауыл жастарының көші-қон қысқарту;
- туристік маусымның шекарасын кеңейту;
- экологиялық таза, табиғи тағамдармен қамтамасыз ету;
- қаржылық жағынан тиімділік;
- халықты жұмыспен қамтамасыз ету;

– далалық жерлердің және жабайы табиғаттың бастапқы қалпын тамашалауға бағдарланған.

Қорытынды

Ауылдық жерлерде шетелдік тәжірибелерінің мысалында Ақтөбе облысы Мәртөк ауданында зерттеу жұмыстары жүргізілді. Агротуристік аудан облыс орталығынан 100 км қашықтықта, Мәртөк пен Ресей шекарасында орналасқан. Бұл аймақ демалысқа өте ыңғайлы. Көл жағасындағы демалыс орнына күнбағыс алабы жақын орналасқан. Мұнда қазақ ауылының әсерін беретін ұлттық үйлер бар. Туристер бұл жерден табиғи қымыздың, шұбат, айран, қазы-қарта, жал-жая, құрт, жент, майдың дәмін көре алады. Саяхатшылардың көзінше ет асылып, бауырсақ қуырылады. Жергілікті тұрғындар бие сауып, қымыз жасайды. Бұл процессте туристердің өздері де қатыса алады. Барлық дайындалған тағамдар санитарлық-эпидемиологиялық талдаудан өткізіледі (Галин 2011). Сонымен қатар, туристер ұлттық аң аулауда қатысады, және ұлттық аспаптарда ойнауды үйренеді. Көл жағалауында тілек білдіргендерге балық аулауға, суға түсуге барлық жағдай жасалады.

Қазақстан жеріндегі көріктіде, тарихи тағлымы мол жерлерде бүгінгі таңда арнайы туристік фирмалармен туристік базалардың ұйымдастыруымен туристік болып отырғандығы белгілі. Ал, шындығына келгенде туристік нысандары бар жерлердегі ауыл тұрғындарының туристерге жасалар қонақ жайлылық қызметі әзірге сапасыз болғандықтан, ішкі туризмнің дамуы кенжелеп отыр. Сондықтан туризм мамандарының ауыл тұрғындарына туристік қызметтің қыры мен сырын түсіндіріп туристерден түсетін пайданың жолдарын үйрету, күн тәртібінде бірінші болып тұратын мәселе болмақ.

Әдебиеттер

- 1 Клицунова В. Зеленая альтернатива –сельский туризм переживает пик популярности // Российская Бизнес-газета, 2012. 25 сентября. [Электронный ресурс]: URL: [http://№ 865 \(36\).](http://№ 865 (36).) (кірген уақты: 25.10.2017).
- 2 Агротуризм в Венгрии. [Электронный ресурс]: URL:<http://Hungaria/rural-hungaria.html/>.www.ehow.com/about_6516368_history-agritourism. (кірген уақты: 10.10.2017).
- 3 История агротуризма [Электронный ресурс]: URL: <http://ru.poezdka.de/113/east-europe/> eHow.com. (кірген уақты: 12.10.2017).
- 4 ҚР Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» Жолдауы. 2012 жылдың 27 қаңтары
- 5 Ветрова М. Н., Гришанова С. В., Корнеева Н. В. Мы являемся специалистами по агротуризму в Австрии. Агротуризм – сектор современной туриндустрии». [Электронный ресурс]: URL: http://www.science-bsea.narod.ru/2009/ekonom_2009_2/vetrova_agro.htm (кірген уақты: 10.10.2017).
- 6 Британская модель организации сельского туризма // Справочно-информационная служба «Центр [Электронный ресурс]. URL: <http://archive.travel>. (кірген уақты: 08.10.2017).

- 7 Васильев В. (2009) Мировой опыт организации сельского туризма: метод. пособ. /У. Васильев. П. Горішевський. Ю. Зинько и др. – Вып. 1.— 54 с.
- 8 Васильев В. (2009) Организация и планирование деятельности сельского туризма: метод. пособ. /У. Васильев. П. Горішевський. Ю. Зинько и др. – Вып. 3. – 56 с.
- 9 Васильев В. (2009) Маркетинг в сельском туризме: метод. пособ. / У. Васильев. В. Трилис. К. Семененко. – Вып. 4. – А. : 2009. – 58 с.
- 10 Галин В.В. (2011) Сельский зеленый туризм: от А до Я: термин. словарь-справочник. В. Ганин. А.Ф. Зайцева. Н. Н. Гордецкая и др. – Симферополь : ИТ «АРИАЛ». – 208 с.
- 11 Герасименко В.Г. (2011) Аграрный туризм как вид предпринимательства /В.Г. Герасименко. С.Г. Нездойминов. – А.: Пальмира. – 178 с.
- 12 Гловацька В.В. (2010) Формирование спроса и предложения на туристический продукт сельского (зеленого) туризма. В. Гловацька // Инновационная экономика. №16. – С.34-47.
- 13 Дурович А.П. (2004) Маркетинг в туризме / А.П. Дурович. – 4-е изд., стереот. – Мн.: Новое знание. – 428 с.
- 14 Дорожная карта развития туризма до 2020 г.
- 15 Кудла Н. (2004) Социально-экономическое значение агротуризма в развитии предпринимательства на селе / Н. Кудла // Региональная бизнес-экономика и управление. №3. – С. 103-108.
- 16 Кудла Н. (2006) Основы сельского туризма: науч.-теорет. аспекты / Н. Кудла. – 62 с.
- 17 «100 конкретных шагов» Нурсултана Назарбаева (от 20 мая, 2015 г.)
- 18 Маевский Я. (2005) Агротуризм / Я. Маевский; пер. с пол. Н. Кудлы. – Л.: 2005. – 82 с.
- 19 Роглев Х.Ы. (2005) Сельский туризм – перспективное направление развития туристской индустрии / Х.Ы. Роглев // Туризм: теория и практика. – №1. – С.43-49.
- 20 Шимечко Г.И. (2009) Агротуризм как форма предпринимательской деятельности: автореф. дис. на соискание ученой степени канд. эконом. наук: спец. 08.08.01 «Экономика АПК» / Г.И. Шимечко. – Л.: 2009. – 19 с.
- 21 Послание Президента Республики Казахстан Н.Назарбаева народу Казахстана. 11 ноября 2014 г. [Электронный ресурс]: URL:<http://akorda.kz>. (кірген уақты: 12.10.2017).
- 22 Агротуризм: опыт, проблемы, рекомендации / В. И. Бельский [и др.]. – Минск: [Ин-т экономики НАН Беларуси], 2008. – 123 с.: ил.
- 23 Экономика и статистика №1 2016 г. – Агентство Республики Казахстан по статистике [Электронный ресурс]: URL:<http://stat.kz> (кірген уақты: 10.10.2017).
- 24 Курмангалиев С.Г. (2016) Сельский туризм может стать источником стабильного дохода // материалы статьи.
- 25 Адамеску А.А., Воскресенский В.Ю. (2008) Аграрный туризм как инновационный фактор развития агропромышленного комплекса. //Журнал «Региональная экономика: теория и практика». 13(70) – 2008 май.
- 26 Улаков С.Н., Борбасова З. Н. (2010) Социально-экономическая роль и перспективы развития агротуризма в Казахстане. // «Экотуризм в Казахстане» материалы международной конференции. Караганда.
- 27 Здоров А.Б. (2011) Экономические аспекты аграрного туризма // В уч.: Экономика туризма. М.: Финансы и статистика.
- 28 Кудла Н.Е. (2012) Менеджмент туристского предприятия: учебник / Н.Есть. Кудла. – К.: Знания. 2012. – 343 с.
- 29 Концепция развития туристической отрасли в Республике Казахстан до 2020 года
- 30 Кудла Н. (2004) Определение понятия агротуризма и его составных частей / Н. Кудла // Проблем. пореформенного развития агропромышленного в-ва и основные направления их решения: тезисы Всеукр. наук.-практ. конф. (Хоростков). – С. 17-23.

References

- 1 Kli'tsy'nova V. Zelenai'a alternati'va –selski'i' ty'ri'zm pereji'vaet pi'k popy'li'arnosti' // Rossi'i'skai'a Bi'znes-gazeta, 2012. 25 senti'abri'a. [Elektronnyi' resy'rs]: URL: <http://> № 865 (36). (кірген у'ақты: 25.10.2017).
- 2 Agrot'y'ri'zm v Vengri'i'. [Elektronnyi' resy'rs]: URL:<http://Hungaria/rural-hungaria.html>/www.ehow.com/about_6516368_history-agritourism. (кірген у'ақты: 10.10.2017).
- 3 I'store'i'a agrot'y'ri'zma [Elektronnyi' resy'rs]: URL: <http://ru.poezdka.de/113/east-europe/> eHow. com. (кірген у'ақты: 12.10.2017).
- 4 QR Elbasynyn' «A'ley'mettik-ekonomi'kalyq jan'g'yrt'y' – Qazaqstan damy'ynyn' basty bag'yty» Jolday'y. 2012 jyldyn' 27 qan'tary
- 5 Vetrova M. N., Gri's'anova S. V., Korneeva N. V. My i'avli'aemsi'a spetsi'ali'stami' po agrot'y'ri'zmy' v Avstri'i'. Agrot'y'ri'zm – sektor sovremennoi' ty'ri'ndy'stri'i'. [Elektronnyi' resy'rs]: URL: http://www.science-bsea.narod.ru/2009/ekonom_2009_2/vetrova_agro.htm (кірген у'ақты: 10.10.2017).
- 6 Bri'tanskai'a model organi'zatsi'i' selskogo ty'ri'zma // Spravoc'no-i'nformatsi'onnai'a sly'jba «Tsentr [Elektronnyi' resy'rs]. URL: <http://archive.travel>. (кірген у'ақты: 08.10.2017).
- 7 Vasi'lev V. (2009) Mi'rovoi' opyt organi'zatsi'i' selskogo ty'ri'zma: metod. пособ. /Y'. Vasi'lev. P. Goris'evski'i'. I'y'. Zi'nko i' dr. – Vyp. 1.— 54 s.
- 8 Vasi'lev V. (2009) Organi'zatsi'i'a i' plani'rovani'e dei'atelnosti' selskogo ty'ri'zma: metod. пособ. /Y'. Vasi'lev. P. Goris'evski'i'. I'y'. Zi'nko i' dr. – Vyp. 3. – 56 s.
- 9 Vasi'lev V. (2009) Marketi'ng v selskom ty'ri'zme: metod. пособ. / Y'. Vasi'lev. V. Tri'li's. K. Semenenko. – Vyp. 4.- A. : 2009. – 58 s.

- 10 Gali'n V.V. (2011) Selski'i' zeleniy' ty'ri'zm: ot A do I'a: termi'n. slovar-pravoc'ni'k.V. Gani'n. A.F. Zai'tseva. H. H. Gordetskai'a i' dr. – Si'mferopol : I'T «ARI'AL». – 208 s.
- 11 Gerasi'menko V.G. (2011) Agrarniy' ty'ri'zm kak vi'd predpri'ni'matelstva /V.G. Gerasi'menko. S.G. Nezdoi'mi'nov. – A.: Palmi'ra. – 178 s.
- 12 Glovatska B.B. (2010) Formi'rovani'e sprosya i' predlozheni'i'a na ty'ri'sti'c'eski'i' prody'kt selskogo (zelenogo) ty'ri'zma.V. Glovatska // I'nnovatsi'onnai'a ekonomika. №16. – S.34-47.
- 13 Dy'rovi'c' A.P. (2004) Marketi'ng v ty'ri'zme / A.P. Dy'rovi'c'. – 4-e izd., stereot. – Mn.: Novoe znani'e. – 428 s.
- 14 Dorojnai'a karta razviti'i'a ty'ri'zma do 2020 g.
- 15 Ky'dla N. (2004) Sotsi'jno-ekonomi'c'esкое znac'eni'e agrot'y'ri'zma v razviti'i' predpri'ni'matelstva na sele / N. Ky'dla // Regi'onalnai'a bi'znes-ekonomika i' y'pravleni'e. №3. – C. 103-108.
- 16 Ky'dla N. (2006) Osnovy selskogo ty'ri'zma: nay'c'.-teoret. aspekty / N. Ky'dla. – 62 s.
- 17 «100 konkretnyh s'agov» Ny'rsy'ltana Nazarbaeva (ot 20 mai'a, 2015 g.)
- 18 Maevski'i' I'a. (2005) Agrot'y'ri'zm / I'a. Maevski'i'; per. s pol. N. Ky'dly. – L.: 2005. – 82 s.
- 19 Roglev H.Y. (2005) Selski'i' ty'ri'zm – perspektivnoe napravleni'e razviti'i'a ty'ri'stskoi' i'ndy'stri'i' / H.I.P. Roglev // Ty'ri'zm: teori'i'a i' praktika. – №1. – S.43-49.
- 20 Si'mec'ko G.I'. (2009) Agrot'y'ri'zm kak forma predpri'ni'matelskoi' deiatelnosti': avtoref. di's. na soi'skani'e y'c'eno'i' stepeni' kand. ekonom. nay'k: spets. 08.08.01 «Ekonomika APK» / G.I'. Si'mec'ko. – L.: 2009. – 19 s.
- 21 Poslani'e Prezidenta Respy'bliki' Kazahstan N.Nazarbaeva narody' Kazahstana. 11 noi'abri'a 2014 g. [Elektronnyi' resy'rs]: URL:<http://akorda.kz>. (kirgen y'aqty: 12.10.2017).
- 22 Agroekoty'ri'zm: opyt, problemy, rekomendatsii' / V. I'. Belski'i' [i' dr.]. – Mi'nsk: [I'n-t ekonomiki' NAN Belary'si'], 2008. – 123 s.: i'l.
- 23 Ekonomika i' stati'stika №1 2016 g. – Agentstvo Respy'bliki' Kazahstan po stati'stike [Elektronnyi' resy'rs]: URL:<http://stat.kz> (kirgen y'aqty: 10.10.2017).
- 24 Ky'rmangali'ev S.G. (2016) Selski'i' ty'ri'zm mojet stat i'stoc'nikom stabi'lnogo dohoda // materi'aly stati'.
- 25 Adamesky' A.A., Voskresenski'i' V.I'y'. (2008) Agrarniy' ty'ri'zm kak i'nnovatsi'onnyi' faktor razviti'i'a agropromyslennogo kompleksa. //Jy'rnal «Regi'onalnai'a ekonomika: teori'i'a i' praktika». 13(70) – 2008 mai'.
- 26 Y'lakov S.N., Borbasova Z. N. (2010) Sotsi'jno-ekonomi'c'eskaia rol i' perspektivy razviti'i'a agrot'y'ri'zma v Kazahstane. // «Ekoty'ri'zm v Kazahstane» materi'aly mejdy'narodnoi' konferentsii'. Karaganda.
- 27 Zdorov A.B. (2011) Ekonomi'c'eskie aspekty agrarnogo ty'ri'zma // V y'c'..: Ekonomika ty'ri'zma. M.: Fi'nansy i' stati'stika.
- 28 Ky'dla N.E. (2012) Menedjment ty'ri'stskogo predpri'iatii'a: y'c'ebnik / N.Est. Ky'dla. – K.: Znani'i'a. 2012. – 343 s.
- 29 Kontseptsi'i'a razviti'i'a ty'ri'sti'c'esko'i' otrasli' v Respy'bli'ke Kazahstan do 2020 goda
- 30 Ky'dla H. (2004) Opredeleni'e poni'ati'i'a agrot'y'ri'zma i' ego sostavnyh c'astei' / N. Ky'dla // Problem. poreformennogo razviti'i'a agropromyslennogo v-va i' osnovnye napravleni'i'a i'h res'eni'i'a: tezi'sy Vsey'kr. nay'k.-prakt. konf. (Horostkov). – S. 17-23.